

Сабақ жоспары

<p>Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: Ағартушылық идеяларының таралуы Күні: Сынып: 7</p>	<p>Мектеп: Алматы қаласы ФМБ НЗМ Мұғалімнің аты-жөні: Еркембек Б.Б. Қатысқандар: Қатыспағандар:</p>
<p>Сабақтың тақырыбы</p>	<p>Ағартушылық идеялар американдықтарға қалай әсер етті?</p>
<p>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</p>	<p>7.3.2.7 Еуропалық революциялардың солтүстікамерикалық қоғамның дамуына ықпалын сипаттау; 7.2.3.2 Ағартушылық дәуір идеяларының қоғамдық дамуға ықпалын анықтау; 7.3.1.1 Республикалық басқару құрылымның ерекшеліктерін анықтау;</p>
<p>Сабақтың мақсаты</p>	<p>Барлық оқушылар орындай алады: Еуропалық империялардың саяси жүйелері мен революциялардың солтүстікамерикалық қоғамның дамуына әсерін сипаттайды. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Ағартушылық дәуір идеяларындағы философиялық жүйелердің ықпалын анықтайды. Кейбір оқушылар орындай алады: Республикалық басқарудағы мемлекеттердің белгілерін, құрылымын және басқару тәртібін анықтайды.</p>
<p>Бағалау критерийі</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Англия мен Франциядағы саяси жүйе мен революцияның солтүстікамерикалық қоғамның дамуына әсерін сипаттай алады. - Ағартушылық дәуір идеяларындағы философиялық жүйелердің ықпалын анықтай алады. - АҚШ мемлекетіндегі республикалық басқару құрылымын және басқару тәртібін анықтай алады.
<p>Тілдік мақсаттар</p>	<p>Тілдік дағдылар: «Галерея» - оқылым, тыңдалым, айтылым, «Графикалық органайзер» -оқылым, жазылым, айтылым.</p> <p>Термин сөздер: энциклопедистер, «ағартушылық абсолютизм», құқықтық мемлекет,</p> <p>Сөз тіркестері: ағартушылық бастауы, ағартушылық кезеңнің қайраткерлері.</p>
<p>Құндылықтарға баулу</p>	<p>Топтық жұмыста «Мәңгілік ел» бағдарламасының 6 құндылығында көрсетілген «Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы» қамтылады, қарым-қатынас , сыни ойлау дағдылары артады.</p>
<p>Пәнаралық байланыс</p>	<p>География, әдебиет</p>
<p>Алдыңғы білім</p>	<p>Англия және Франция мемлекеттеріндегі ағартушылық дәуірі туралы, қайраткерлерін біледі, түсінеді.</p>

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар		
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Амандасу. Психологиялық ахуал ұйымдастыру үшін «Алақаннан алақанға» әдісін қолданамын. <p>-Топқа бөлу. Түрлі түсті стикерлері қолдана отырып, топқа бөлемін.</p> <ul style="list-style-type: none"> 1- топ: «Ағартушылар» (көк) 2- топ:«Дипломаттар» (сары) 3- топ:«Энциклопедистер» (жасыл) 4- топ:«Ағартушы-басқарушылар» (қызғылт сары) <p>«Миға шабуыл» әдісі арқылы алдыңғы білімді қолдана отырып, оқушылар үй тапсырмасына қатысты сұрақ-жауап қояды.(1- топ өз кезегінде 3-топқа, ал 2- топ өз кезегінде 4-топқа сұрақ қойып,осы тәртіп негізінде топтар ауысып, жауаптарына қарай қарай кері байланыс «жарайсың», «жақсы», «бәрекелді» сөздерімен ауызша марапаттау арқылы бағалау жүргіземін.)</p> <p>«Тоқталынған кадр» тренингі арқылы суреттерді көрсетемін. (Дж.Локк суреті, Т.Джеффорсон суреті, II Екатерина суреті, Тәуелсіздік декларациясы)</p> <p>Ой шақыру.</p> <ul style="list-style-type: none"> -Суреттердегі бейнеленген тұлғалар туралы не білесіздер? - Осы тұлғалардың ағартушылық дәуірмен қандай байланысы бар деп ойлайсыздар? <p>(<i>Сұрақтарға жауап беру арқылы оқушылар жаңа тақырыпқа болжам жасайды.</i>)</p> <p>Осы сұрақтардың ортақ мазмұнына сәйкес жаңа сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстырамын.</p>	<p>Түрлі түсті стикерлер, топтың аты жазылған қатырма қағаздар.</p> <p>Интербелсенді тақта, суреттер</p>		
Сабақтың ортасы	<p>Топтық жұмыс.</p> <p>«Галерея» әдісі (оқылым, айтылым, жазылым, тыңдалым дағдылары артады):</p> <ul style="list-style-type: none"> 1- топқа: Оқулықпен жұмыс жасай отырып, Англия, Франция ағартушыларын атап, қызметтерін сипаттаңыз. 2- топқа: Оқулықпен жұмыс жасай отырып, ағартушылық дәуіріндегі дипломаттарды атап, қызметтерін сипаттаңыз . 3- топқа: Оқулықпен жұмыс жасай отырып, энциклопедис ғалымдар кімдер? Олардың қызметі қандай? 4-топқа: Сол дәуірдегі ағартушы-басқарушылардың қызметін сипаттаңыз. <p>Оқушылар, осы тапсырманы орындау барысында «Мәңгілік ел» бағдарламасының «Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы» құндылығындағы ағартушылық дәуірдің қоғамның дамуға ықпалына баға береді.</p> <table border="1" data-bbox="311 2004 1228 2049"> <tr> <td data-bbox="311 2004 686 2049">Критерий</td> <td data-bbox="686 2004 1228 2049">Дискриптор</td> </tr> </table>	Критерий	Дискриптор	<p>Оқулық. Дүниежүзі тарихы. Авторлары: Н.Алдабек,Б.Амнқұлов, «Мектеп»баспасы, 2018ж.(34-38бб.)</p> <p>Постер, фломастер, маркер.</p>
Критерий	Дискриптор			

Англия мен Франциядағы жүйе революцияның солтүстік америкалық қоғамның дамуына әсерін сипаттай алады.	мен саяси мен	Ағартушылық дәуір өкілдерін атайды.	
		Ағартушылық дәуір өкілдерінің (ағартушы, энциклопедис, дипломат, ағартушы-басқарушы) қызметін сипаттайды	

Әр топ өз атауына сәйкес оқылған ақпарат бойынша постер қорғайды. «Галерея» әдісі барысында бір-бірлеріне жариялау барысында тапсырманың критерий мен дискриптор бойынша бағалаймын, кері байланыс жүргіземін. Топтық жұмыс барысында оқушылардың қарым-қатынас дағдысы, әлеуметтену, сыйластық дағдылары артады.

Жұптық жұмыс. «Графикалық органайзер» әдісі.

1-тапсырма. 1 және 3 топ жұптарына беріледі. «Табиғи адам» идеясының маңыздылығын тұжырымдамалық органайзер түрінде көрсетіңіз

2-тапсырма. 2 және 4 топ жұптарына беріледі. «Ағартушылық абсолютизм» маңыздылығын тұжырымдамалық органайзер түрінде көрсетіңіз.

Интербелсенді тақта

Критерий	Дискриптор
Ағартушылық дәуір идеяларындағы философиялық жүйелердің ықпалын анықтай алады.	«Табиғи адам» идеясын түсінеді.
	«Табиғи адам» идеясының мағызыдылығын графикалық органайзерде көрсетеді.
	«Ағартушылық абсолютизм» идеясын түсінеді
	«Ағартушылық абсолютизм»» идеясының маңыздылығын графикалық органайзерде көрсетеді.

Интербелсенді тақта

Оқушылар берілген тапсырманы жұп бойынша орындап, өз ой-пікірлерімен бөліседі, ортақ шешімге келеді.

«Екі жұлдыз бір тілек» әдісі арқылы сараланған тапсырмалар бойынша оқушылар бірін-бірі бағалайды.

Кері байланыс.


-Ағартушылық дәуірдің басты идеялары кімдердің еңбектерінен көрініс тапқан екен?

- Ағартушылық дәуір еңбектерінің маңыздылығын атаңыз сынды сұрақтар қойылып, дұрыс жауап беруші оқушыларға «белсенділік» карточкасы беріліп, мадақталады.

Жеке жұмыс

Кілт сөздер : Томас Джефферсон, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам, Дж.Локк, «Тәуелсіздік декларациясы, адам теңдігі, билікті бөлу қағидаты. Тапсырма. «Ромбтық жіктелім»әдісі. Берілген кілт сөздерді қолдана отырып, АҚШ мемлекетіндегі республикалық басқару жүйесін «Ромбтық жіктелім» органайзеріне орналастырыңыз.

«Ромбтық» жіктелім



Критерий	Дискриптор
АҚШ мемлекетіндегі республикалық басқару құрылымын және басқару тәртібін анықтай алады.	Кілт сөздердің мағынасын түсінеді
	Кілт сөздердің мағынасын ажыратады
	Кілт сөздердің мағынасының маңыздылығын салыстырады
	Кілт сөздердің маңыздылығын саралай отырып, сызбаға орналастырады.

Оқушылар жеке жұмыс тапсырмасын орындай отырып, кілт сөздерді түсінеді, мағынасын ажыратып, сызбаға саралай орналастырады.

«Ақпаратты сүзу» әдісі арқылы оқушылар өзін-өзі бағалайды. (жеке жұмыс арқылы баланың сыни ойлау дағдысы артады)

Сабақтың соңы

-Оқушылар «5-5-1»әдісі арқылы сабақ барысында алған білімдерін жинақтайды.

Кері байланыс. -Ағартушылық дәуірдің маңыздылығы неде?

- Қандай идеялармен таныстық? Сұрақтарын қоя отырып, стикермен бағалаймын.

Рефлексия «Аяқталмаған сөйлемдер» әдісі бойынша оқушылар сабақтағы іс-әрекеттеріне рефлексия жасайды

Мен бүгін білдім, ағартушылар.....

Менің бүгін қолымнан келді, мысалы.....

Менің келесі сабақта білгім келеді....

Үй тапсырмасы.

«Америкадағы тәуелсіздік декларациясының маңыздылығы неде?» тақырыбына эссе жазу

Саралау	Бағалау	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау
<ul style="list-style-type: none"> - ауызша мадақтау ; - әр топқа деңгейлік тапсырма беру арқылы; - жеке жұмыс беру арқылы; -қорытынды бағалау ; 	<ul style="list-style-type: none"> - «Галерея » әдісі барысында критерий мен дискриптор бойынша бағалау - кері байланыс -«Екі жұлдыз бір тілек» әдісі арқылы бірін-бірі бағалау - «Ақпаратты сүзу» әдісі арқылы оқушылар өзін-өзі бағалау -«Аяқталмаған сқйлемдер» әдісі арқылы рефлексия 	<p>Денсаулық сақтау технологиялары.</p> <p>Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолдану.</p> <p>Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары</p>

Сабақ бойынша рефлексия

Барлық оқушылар орындай алады: Еуропалық империялардың саяси жүйелері мен революциялардың солтүстікамерикалық қоғамның дамуына әсерін сипаттайды.

Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Ағартушылық дәуір идеяларындағы философиялық жүйелердің ықпалын анықтайды.

Кейбір оқушылар орындай алады:

Республикалық басқарудағы мемлекеттердің белгілерін, құрылымын және басқару тәртібін анықтайды.